

Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 наурыздағы № 37-2 " Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 2-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 8 мамырда № 7-13-154 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы № 17-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 10.10.2013 № 17-3 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарын басшылыққа алып аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 наурыздағы №37-2 " Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-13-138 тіркелген, 2011 жылғы 6 сәуірдегі аудандық № 14 "Серпін" газетінде жарияланған) шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - т а р м а қ :

1) т а р м а қ ш а д а ғ ы :

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар - 10 000 (он мың) теңге;"

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

М. Малтиеv

У. Усмангалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК